



www.mmg.kz

Мұнайлы

АДЖЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№08 (154), қыркүйек, 2022 жыл

МАҚСАТТАР АЙҚЫНДАЛДЫ

26 тамыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (одан әрі - Компания) болашағы сараланып, миссиялары мен қағидаттары талқыланды алғашқы Стратегиялық сессия өтті.



Кездесуге Компания Басқарма мүшелері мен құрылымдық бөлім басшылары, сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілдері қатысты. Олар өз кезегінде акционерлердің Компания болашағына қатысты пікірін білдіріп, ойларымен бөлісті.

Кездесуді ашқан Компания Бас директоры Дәулетжан Хасанов пен Бас директордың бірінші орынбасары Сюй Шиго мырзалар Компанияның миссиясын, қағидаттарын және дамудың

стратегиялық бағыттарын бірлесіп талқылау өзекті мәселелерді анықтап, оларға қол жеткізу үшін қажетті біріңғай тиімді стратегияны жасақтауға көмектесетінін атап өтті.

Сонымен қатар, кездесу барысында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ инвестициялық портфельдерді стратегиялық басқару департаментінің директоры Айша Түребаева және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ төмен көмірсутегі даму департаментінің директоры Рамазан Жанпиисов сөз сөйлеп, ұлттық компанияның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясы мен төмен көмірсутегі даму бағдарламасын таныстырды.

Сессияның екінші бөлігінде кеңесшілер қатысушыларды Компанияға қатысты жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен таныстырды. Өз кезегінде кездесуге қатысушылар топтарға бөлініп, Компанияның қазіргі жағдайын анықтау үшін ағымдағы процесстерді саралады. Содан соң Компанияның одан әрі дамуына қатысты өз нұсқаларын ұсынып, Компанияның ықтимал құндылықтары, қағидаттары мен миссиясы туралы пікірлерін ортаға салды.



Бұл Компанияның алғаш рет өткізіп отырған Стратегиялық сессиясы. Оның нәтижесінде Компанияның болашақ даму стратегиясын, миссиясы мен қағидаттарын нақтылауға қажетті бірқатар өзекті мәселелер анықталды. Үлкен жұмыстың алғашқы қазығы қағылды. Алдағы уақытта басталған жұмыс жалғасын тауып, кездесулер тізбегі Компанияның болашағын аяқандайтын құжат толық жасақталғанға жалғасатын болады.

Басқарманың компания қызметкерлеріне үндеуі «Компанияның болашағын бірге құрайық»

Құрметті әріптестер,

Бүгінгі таңда компаниямыз «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын әзірлеумен айналысуда.

Даму стратегиясы – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ болашақтағы даму бағыттарын, демек, біздің болашағымызды айқындайтын компания қызметіндегі ең маңызды құжат.

Компанияның стратегиясы келесі іргелі ұғымдарға негізделген: Миссия, Көрініс және Құндылықтар, олар түсінуге оңай, есте сақтау үшін қысқа, ең бастысы қарапайым жұмысшыдан бастап басшы лауазымына дейін, компания қызметкерлерінің барлық деңгейінде түсінікті болуы қажет, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның кез келген қызметкері «Менің еңбегімнің мәні неде?» деген сұраққа мүдірмей жауап беруі үшін!

Біз, компанияның даму стратегиясын әзірлеу, әрбір қызметкердің тікелей қатысуымен және тартылуымен жүзеге асуы қажет деп есептейміз, сондықтан біз Сізді конкурсқа қатысуға және Миссияның, Көріністің, Құндылықтардың және компанияның ұранын анықтау үшін өз нұсқаларыңызды ұсынуға шақырамыз.

Барлық ұсынылған нұсқалар қарастырылады, ал жеңімпаз компания Басқармасынан сыйлық алатын болады.

Сіз басқа компаниялардың Миссияларының, Көріністерін және Құндылықтарының әлемдік тәжірибелерін зерттеп, сол жерден үлгі ретінде пайдалана аласыз, бірақ ең бастысы, бәріміз үш қарапайым сұраққа жауап беруіміз керек:

– Компания неге (немесе не үшін) керек? немесе біздің компанияның болуының мәні неде? – бұл біздің компанияның миссиясы болады

– Болашақта қандай компания болуы керек? – бұл біздің компанияның Көрінісі болады

– Біздің құндылықтарымыз қандай? Немесе басқа компаниялармен, акционерлермен, клиенттермен, серіктестермен және өзіміздің арамызда өзара әрекеттесу кезінде нені басшылыққа аламыз – бұл біздің компаниямыздың Құндылықтары болады.

Ұсыныстарыңызды күтеміз, біз үшін әр қызметкердің пікірі маңызды!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

Обращение Правления к работникам компании «Давайте строить будущее компании вместе»

Уважаемые коллеги,

На сегодняшний день, в компании ведутся работы по разработке Стратегии развития АО «Мангистаумунайгаз» на период 2022 – 2031 годы.

Стратегия развития является самым важным документом в деятельности компании, которая определит будущее направления развития АО «Мангистаумунайгаз», а значит и наше с вами будущее.

Стратегия компании строится на таких фундаментальных понятиях как: Миссия, Видение и Ценности, которые должны быть простыми для понимания, лучше всего короткими для запоминания, но самое главное разделяемые всеми сотрудниками компании и пониматься на всех уровнях от простого рабочего до руководства, чтобы любой работник АО «Мангистаумунайгаз» мог без колебаний ответить на вопрос – «В чем смысл моей работы?»!

Мы считаем, что разработка стратегии развития компании должна проходить при непосредственном участии и вовлеченности каждого работника, поэтому, приглашаем вас принять участие в конкурсе и представить свои варианты

Миссии, Видения, Ценностей и даже Лозунга нашей компании.

Все представленные варианты нами обязательно будут рассмотрены, а победитель получит вознаграждение от Правления Общества.

Вы можете изучить лучшие мировые практики Миссий, Видения и Ценностей других компаний и почерпнуть что-то оттуда, но самое главное, нам всем нужно ответить на три простых вопроса:

– Зачем (или для чего) компания существует? или какой смысл в существовании нашей компании? – это и будет Миссия нашей компании

– Какой компания должна быть в будущем? – это и будет Видение нашей компании

– Какие ценности мы себе определяем? т.е. чем компания и мы с вами будем руководствоваться в своих действиях при взаимодействии с другими компаниями, акционерами, клиентами, партнёрами и между собой – это и будут Ценности нашей компании

Ждем от вас предложений, нам важно мнение каждого работника!

Правление АО «Мангистаумунайгаз»

Свои предложения с вариантами на любом удобном вам языке вы можете направить на эл.адрес ответственного работника Департамента перспективного развития и управления рисками, Хамиева Жандоса zh.khamiev@mmg.kz, а также обратиться за помощью или разъяснениями в случае возникновения каких-либо вопросов по тел.: 215-409, 215-202, 211-130.

Текст миссии должен быть не более 1-2 предложений, видения не более 3-4 предложений, ценностей не более – 5-6 пунктов, а лозунг компании должен быть в одном предложении.

Срок рассмотрения предложений завершается 15.09.2022г.

Ұсыныстарыңызды өзіңізге ыңғайлы кез келген тілде, нұсқаларымен бірге Перспективалық даму және тәуекелдерді басқару департаментінің жауапты қызметкері Хамиев Жандос zh.khamiev@mmg.kz электронды поштасына жібере аласыз, сонымен қатар сұрақтар туындаған жағдайда келесі телефон нөмерлері бойынша түсініктеме сұрай аласыз 215-409, 215-202, 211-130.

Миссия мәтіні 1-2 сөйлемнен, Көрініс 3-4 сөйлемнен, Құндылықтар 5-6 пункттен аспауы керек, ал компанияның ұраны бір сөйлемнен тұруы қажет.

Ұсыныстарды қарау мерзімі 15.09.2022 ж. аяқталады.

Меморандум

МЕМОРАНДУМ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

13 тамызда Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиевтің төрағалығымен ластанған жерлерді болдырмау, азайту және жою және қалдықтарды кәдеге жарату бөлігінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумды іске асыру мәселесі бойынша кеңес өтті.



Кеңеске «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ басшылары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы Өкілдігі департаменттерінің директорлары, сондай-ақ мердігерлік ұйымдардың басшылары қатысты.

Кездесу барысында компания басшылары меморандумның орындалуы бойынша жұмыстар туралы, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы биылғы жылы атқарылған істердің жай-күйі туралы есеп берді.

Кеңес соңында Құрманғазы Есқазиев мұнай қалдықтарын кәдеге жарату жұмыстарын жеделдету бойынша шаралар қабылдауды, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату мен жоюдың жаңа әдістері мен технологияларын әзірлеуді тапсырды.

Ескерте кетер жайт, 2019 жылы ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Обучение

СТАВКА НА ПЕРСПЕКТИВУ

16 августа на площадке филиала «КазНИПИмұнайгаз» стартовала модульная программа обучения «Профессиональный мастер» - первая в своем роде модульная программа, направленная на развитие технических и личностно-деловых компетенций обучающихся.



Программа включает четыре блока профессиональной подготовки по различным направлениям: «Психология и корпоративное управление», «Технологии и оборудование добычи нефти и газа, ремонта скважин, опыт компании Татнефть», «Бережливое производство», «Основы экономики», «Охрана труда», «Ораторское искусство» и др.

В рамках модульной программы пройдут обучение шестнадцать мастеров из различных цехов ПУ «Каламқасмұнайгаз», ПУ «Жетыбай-мұнайгаз». Тема первого модуля (16-19.08.2022): курс по психологии управления, курс по обучению подчиненных, курс по управлению производственными процессами.

Напутствия обучающихся, Генеральный директор АО «Мангистаумұнайгаз» Даулетжан Хасанов поздравил коллег с началом программы, а также пожелал удачи, прилежной учебы и приобретения новых знаний и навыков.

Прохождение четырех модулей предоставит участникам возможность не только углубить свои знания в профессиональной сфере, но и проявить себя, поучаствовать в содержательных дискуссиях, а также перенять опыт казахстанских и зарубежных экспертов.



Важно отметить, что в качестве педагогов и преподавателей программы модульного обучения выступают эксперты Центра подготовки кадров одной из ведущих российских компаний - «Татнефть». Помимо экспертов ЦПК-Татнефть, в реализации программы задействованы эксперты «КМГ Инжиниринг» и внешние бизнес-тренеры.

Практической ценностью программы является разработка командами проектов с предложениями по улучшению эффективности деятельности компании. За каждой командой, для эффективности данного процесса, назначается один куратор из производственного блока АО «Мангистаумұнайгаз». В итоге, наиболее актуальные проектные решения могут быть внедрены на производстве.

С 19 по 23 сентября пройдет II курс программы модульного обучения (формирование команды, начало совместной работы, выработка навыков межличностного взаимодействия в различных ситуациях (командообразующий компонент) и др.

Полный курс программы модульного обучения (по всем четырем блокам) планируется завершить в декабре 2022 года.

ТАҒАЙЫНДАУ

Тамыз айының 15 бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының коммерциялық сұрақтар жөніндегі орынбасары болып Камматов Арман Катапович тағайындалды.



Арман Камматов 1971 жылы 13 сәуірде туған.

1993 жылы Г.В.Плеханов атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік тау-кен институтын тамамдаған. Мамандығы «Өндірістік құрылғылар мен технологиялық кешендерді автматтандыру және электржетектендіру».

Еңбек жолы 1994 жылы «Ембімұнайгаз» ААҚ ақпараттық-есептеу бюросында инженер-бағдарламалаушы болып басталған.

2000-2006 жылдары – инженер-электроник, IT тобының жетекшісі, «Ембімұнайавтоматика» ЖШС директорының ақпараттық технологиялар бойынша орынбасары.

2006-2009 жылдары – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ «Ембімұнайгаз» ӨФ мемлекеттік сатып алулар бөлімінің бастығы.

2009-2012 жылдары – «КазГерМұнай» БК» ЖШС қамсыздандыру және сатып алу департаменті директорының орынбасары.

2012-2015 жылдары - «Батыс Рейл Сервис» ЖШС Бас директорының орынбасары.

2015-2017 жылдары - «InterLog Kazakhstan» ЖШС директорының материалдық-техникалық қамсыздандыру жөніндегі орынбасары.

2017-2021 жылдары – «Ембімұнайгаз» АҚ сатып алу және жергілікті қамту департаментінің директоры, стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры.

2021-2022 жылдары – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ сатып алу және материалдық-техникалық қамсыздандыру департаменті директорының орынбасары.

2022 жылғы 15 тамыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары болып Көптеев Ермек Сүесінұлы тағайындалды.



Е.С.Көптеев 1987 жылы 29 тамызда туған.

2008 жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау» мамандығы бойынша бітірген. 2014-2016 жылдары Венгрия еліндегі Мишкольц институтында «Мұнайгаз ісі» мамандығы бойынша магистратурада оқыған.

Еңбек жолын 2008 жылы «Өзенмұнайгаз» ӨФ қарасты №2 мұнай және газ өндіру басқармасының қабат қысымын ұстау цехында 3-дәрежелі мұнай өндіру жөніндегі оператор болып бастаған. Кейін инженер-геологтың міндетін атқарушы, аға-геологтың міндетін атқарушы, ұңғымаларды бұрғылау және жөндеу департаментінің инженері болып қызмет еткен.

2013-2019 жылдары – «Өзенмұнайгаз» АҚ персоналды басқару және дамыту департаментінің директоры.

2019-2021 жылдары – «Өзенмұнайгаз» АҚ персоналды басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі басқарушы директор.

2022 жылдың қаңтар айынан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директорының адам ресурстарын басқару жөніндегі орынбасары болып қызмет еткен.

Меңдеш Халелұлы - 75 жас

МЕРЕЙЛІ МЕРЕЙТОЙ

27 тамызда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мәжіліс залында Қазақстанның мұнай-газ саласының ардагері, Ақтау қаласының құрметті азаматы Меңдеш Халелұлы Салиховтың 75-жас мерейтойына арналған салтанатты кездесу өтті. Шараға Компания басқарма мүшелері, сала ардагерлері және еңбек ұжымы қатысты.

Меңдеш Халелұлы «Маңғыстаумұнайгаз» үшін бөтен адам емес. Компания еңсерген ең қиын кезеңдерде, 90-жылдардың тоқырауы орнаған тұста, Компания басшылығында болды. Сондықтан, қиыннан қиыстырып, Компанияны тығырықтан шығарған алған ардақты азаматтың есімін мұнайшылар күні бүгінге дейін зор құрметпен атайды.

Компания ұжымы атынан Меңдеш Халелұлын Бас директор Дәулетжан Кеңесұлы Хасанов құттықтады. Ол өз сөзінде мерейтой иесі мұнай-газ саласының дамуына орасан зор үлес қосқанын, қоғамдық жұмыспен белсенді айналыса жүріп, туған өлкесі мен елінің дамуына адал еңбек еткенін атап өтті. Ақсақалға зор денсаулық пен бақ-береке

тілей отырып, Бас директор Дәулетжан Хасанов ардагеріміздің иығына шапан жапты.

Жақсының жақсылығын айту мақсатында ұйымдас-тырылған шараға Меңдеш Халелұлының үзеңгілес достары мен жолдас-тары, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігінің



атқарушы директоры Есен Өтеев, «Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директоры Ли Тецянь және Бас директордың бірінші орынбасары Қуанышбай Нұрғалиев қатысып Меңдеш Халелұлына деген өз құттықтауларын жеткізді.

Кездесу барысында Меңдеш Халелұлы өзі жүріп өткен еңбек жолы

туралы, өміріне әсер еткен ерекше оқиғалар туралы әңгімелеп берді. Көрермендердің сұрақтарына жауап беріп, жас буынға сәттілік тілеп, ақ батасын берді.

Біз де көпшіліктің құттықтау тілектеріне қосыламыз. Меңдеш Халелұлына мол бақыт, зор денсаулық тілейміз! Мерейтойыңыз құтты болсын!

МЕНДЕШ САЛИХОВ В ЭКСПЕРИМЕНТЕ НОВОГО КАЗАХСТАНА

Меңдеш Халелович Салихов - Почетный гражданин г.Ақтау, Мангистауского района Мангистауской области, Почетный ветеран Атырауской области отметил 75-летие.



М.Салихов, У.Карабалин, М.Каримбаев. 2 курс МГИ им.Губкина. 1966 год

С золотой медалью он окончил школу, МИНХИГП им.Губкина по специальности «горный инженер», Алматинский Институт Политических Наук. С 1970 по 1972 году начал трудовой путь оператором по добыче нефти и газа, затем инженером ПТО НГДУ «Прорвamuнай». С 1972 по 1973 годы работал младшим научным сотрудником КазНИГРИ. С 1973 года прошел трудовой путь от инженера ПТО, мастера, начальника смены, замглавного инженера до главного технолога, а затем секретаря парткомитета НГДУ «Узеннефть». Кандидат экономических наук стажировался в США, окончил Университет штата Массачусетс («Менеджмент»). Работал директором Казахстанских проектов «Орикс Энерджи» (Даллас), участвовал в создании СП «Арман» в г.Ақтау. С 1995 по 1997 годы возглавлял АО «ММГ». В 1997 г. основал «Нефтяную Страховую Компанию» и нефтяную сервисную компанию «Catkaz

Limited», продолжив деятельность на нефтяном рынке уже как частный предприниматель.

В копилке трудовой деятельности М.Х.Салихова десятилетие работы секретарем парткомитета, 2-секретарем Шевченковского ГК КП КазССР, председателем горисполкома г. Шевченко, ЗамГлавы Мангистауской области. Депутат Гурьевского облсовета народных депутатов КазССР, избирался делегатом XVII съезда КПК (1990), членом РевКомиссии ЦК КПК, участвовал в историческом XXVIII съезде КПСС в Москве.

С глубиной понимания слова «дружба народов» Меңдеш Халелович, будучи руководителем города, поддержал в конце 1980-х, в начале 1990-х годов создание 11 этнокультурных объединений. Тогда еще не была создана Ассамблея народа Казахстана, обеспечивающая патронаж поликультурного сообщества Страны. Правильно ориентироваться в сложной обстановке нового времени ему помог опыт работы с 1985 по 1987 годы Госсоветником ЦК КПСС при ЦК НДП Афганистана. Там, на Востоке, он познал груз ответственности не только за свою жизнь, но и за всю Страну. М.Салихов открыл дорогу обществу воинов-интернационалистов, ликвидаторов аварии ЧАЭС и Комитет солдатских матерей.

Меңдеш Салихов жил и работал в одной из самых бедных стран мира - в Афганистане и в одной из самых богатых - в США. Меңдеш Халелович - Человек-История, Человек Мира. Он не просто свидетель, он активный участник важнейших событий, которые продемонстрировали, что Мангистау - это самодостаточная территория Страны Великой Степи.

М.Салихов - автор идеи и меценат энциклопедии «Незабываемое: страницы истории Мангистау». Под патронажем М.Салихова издана книга Н.Задерецкой «Личность. Лидер. Лауреат», об Х.Узбекғалиеве. В книге Н.Задерецкой



М.Салихов с руководством Мангышлакской области. 1990. ГАМО

«Идеи, воплощенные в жизнь» красной нитью проходит история общественной и политической деятельности М.Х.Салихова. Книга «Не нефтью единой, или Жизнь в эпоху перемен» написана самим Менедешем Халеловичем Салиховым. Эта книга о его жизни, трудовой и общественной.

Будучи неравнодушным человеком, сознающим, что талант, интеллект нужно развивать с детства, он организовал областную шахматную федерацию. Меңдеш Халелович стоял у истоков создания 1-го аэроклуба независимого Мангистау, интерната для одаренных детей, физико-математической школы, ряда спортивных секций, а также Дома престарелых. Старожилы Мангистау помнят смутное постсоветское время, когда территорию неразберихи и ничейности трудно было назвать Родиной. Это в его природе - быть рядом тогда, когда другие оглядываются в нерешительности, боясь ответственности. Меңдеш Халелович зарегистрировал в начале 1990-х 1-ю казахскую газету в г.Ақтау «Мангистау», общество «Казахтилы», 1-ю церковь и мечеть Ақтау, инициировал как государственный деятель празднование

1-го Наурыза, Масленицы и Сабантуя. В 1990 году председатель горисполкома М.Салихов активизировал общественность на возвращение суверенности Мангистауской области. Быть первым, не бояться выделиться из толпы - его кредо. Вот кратко о Юбиле, но в полный рост и от души.

Завершить статью хочу словами самого М.Салихова: «Я принадлежу к послевоенному поколению. Родился в Сталинские времена, учился в Хрущевские, начинал и строил свою карьеру при Брежнев. Вместе со всеми переживал перемены в Горбачевскую эпоху, жил в Назарбаевскую. Сегодня пребываем в Токаевскую. Мое поколение стояло у истоков обретения нашей Страной Независимости и принимает активное участие в становлении Нового Казахстана. Новый Казахстан - время глобального эксперимента, за которым наблюдает весь мир. Миссия участвовать в этом Эксперименте созидания Нового Казахстана выпала на нашу долю.

Наталья Задерецкая,
Член Союза Писателей и Союза Журналистов Казахстана

МАРАПАТ ТӨРІНДЕ – МҰНАЙШЫЛАР

Жадыраған жаз тоқсан мен қоңыр салқын күз тоқсанның тоғысқан шағында мұнайшылар мерекесін тойлау елімізде игі дәстүрге айналғалы қашан... Жылда осы мезгілде кенорындар түрлі түсті бояуларға оранып, мұнайшылар құшағы гүлге толатын. Тек соңғы екі жыл карантиндік шектеулерге байланысты кәсіби мерекемізді де тойлау кейінге қалдырылған болатын. Биыл міне жылымық келіп, шектеулер алынып, дәстүрлер жаңғырды – қыркүйектің 1 мен 4 аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» кеңсесі мен кенорындарында ҚР мұнай-газ саласы қызметкерлерінің күні кәсіби мерекесіне арналған салтанатты шаралар өтті.

Сағындырған салтанатты жиындар қыркүйектің 1 күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесіндегі кездесуден бастау алды. Шара Компания Бас директоры Дәулетжан Хасановтың, Басқарманың экономикалық кеңесшісі Чэнь Цзунсян мырзаның және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы ҚБ төрағасы Мәди Кентановтың ақжарма құттықтау тілегімен басталды. Басшылар мұнайшыларды кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, еліміздің өркендеуіне қосып жатқан зор үлестері үшін алғыстарын жеткізді.

- Кәсіби мерекемізді айтулы жетістіктермен қарсы алып отырмыз, - деді Дәулетжан Хасанов. - Біз «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясын Қазақстанның мұнай-газ кешенінің флагманы етуге жұмыстанып жатырмыз. Баршамыз бірігіп осы жолды абыроймен еңсеріп өтеміз деп сенемін. Әрбіріңізге адал да қауіпсіз еңбегіңіз үшін алғыс білдіремін. Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, сенімділік пен жарқын болашақ тілеймін.

Сонымен қатар Компаниямыздың Бас директоры Дәулетжан Хасанов өз сөзінде

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алдында жұпал мақсат-міндеттер туралы да айтты.

- Бүгінгі таңда компаниямыз «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын әзірлеумен айналысуда. Даму стратегиясы – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ болашақтағы даму бағыттарын, демек, біздің болашағымызды айқындайтын компания қызметіндегі ең маңызды құжат болғалы тұр. Оның негізінде Компанияның стратегиясы Миссия, Көрініс және Құндылықтар сынды іргелі ұғымдары айқындалып, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның кез келген қызметкері «Менің еңбегімнің мәні неде?» деген сұраққа мүдірмей жауап бере алатын болады! Біз, компанияның даму стратегиясын әзірлеу, әрбір қызметкердің тікелей қатысуымен жүзеге асуы қажет деп есептейміз, сондықтан әрбіріңізді осы құжаттың жасақталуына өз үніңізді қосуға шақырамыз.

Мерекелік құттықтаулар салтанатты марапаттау рәсімімен жалғасты. Үкіметтік және ведомстволық наградалар – медальдар, төс белгілер, құрмет грамоталары мен алғыс хаттар үздік еңбек үлгісін көрсеткен орталық аппарат мамандары мен өндірістік басқарма қызметкерлеріне табысталды. Қарапайым еңбек адамдары салтанатты шараның басты кейіпкерлеріне айналды. Себебі осы азаматтардың жанқиярлық еңбегі бүкіл саланың табысты қызметін қамтамасыз етіп отыр. Марапат алғандардың басым бөлігі еселеі еңбектің иесі ғана емес, шәкірт тәрбиелеп жүрген тәлімгер мамандар. Олар өздері жылдап жинаған мол тәжірибесін жас буынға сіңіріп, Компанияның болашағының жарқын болуына өз үлестерін қосып келеді. Ұрпақтар сабақтастығы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмысына тән жарқын қасиеттердің бірі.

Кеңседегі келелі кездесу одан әрі концерттік бағдарламамен жалғасты. Мерекелік көңіл-күй орнату үшін арнайы шақырылған кішкене жұлдыздар «Бала дауысы» республикалық конкурсының жүлдегерлері Әмина Асгатовна мен Ділназ Тлепова мен «Меломен» тобының өнерлі жігіттері көрермен көңілін көкке көтерді. Өннен маржан шашылып, мұнайшылар ордасы күміс күлкіге, әсем әуенге толды.

Келесі күні, қыркүйек айының 2 жұлдызында осындай мерекелік шара Маңғыстау мұнайының қайнар көзі саналатын Жетібай кенорынында жалғасты.

Өндірістік басқарма кеңсесі алдындағы алаңда ақшаңқан үйлер бой көтеріп, сала ардагерлері мен қызметкерлерге арналған мерекелік мәзір, той дастарханы жайылды. Қазандар көтеріліп, буы бұрқыраған мақпал сорпа, тіл үйіреп дәмді палуа басылып, тойлай келген мейманның алдына тартылды. Осының барлығы жиналған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл күй сылап, өндірістің тас қазанында қайнаған мұнайшылардың көңілін жадыратқандай

болды. Жүздерінен күлкі, көздерінен риясыз қуаныш байқалады.

Мерекеге орай безендірілген сахна төрінен тағы да құттықтаулар жолданды. Алғаш болып сахнаға Қарақия ауданының әкімі Қыдырберді Беков, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Дәулетжан Хасанов, Компания кәсіподақ ұйымының төрағасы Мәди Кентанов мырзалар көтерілді.

Қыдырберді Беков мырза аудан әкімдігі мен жұртшылығы атынан мұнайшыларға деген құттықтауын жолдай отырып, Компания басшылығына Қарақия ауданының әлеуметтік мәселелерінің оңтайлы шешілуіне қосып жатқан орасан зор үлесі үшін алғысын білдірді.

Компания Бас директоры Дәулетжан Хасанов мырза да мұнайшыларға деген құттықтау сөзін айтып, ерен еңбегі мен табандылықтары үшін алғысын жеткізді.

- Биылғы жылы орын алған түрлі қиындықтарға қарамастан жетібайлық мұнайшылар үлкен жетістікке қол жеткізіп отыр. Қазір Жетібай кенорының тәуліктік мұнай өндіру көлемі 7100 тоннадан асып отыр. Мұндай көрсеткіштер соңғы рет 40 жыл бұрын болған. Бұл «Жетібаймұнайгаз» ӨБ мұнайшыларының адал да жігерлі қызметінің нәтижесі. Баршаңызға қызметіңіз үшін алғысымды білдіремін.

Одан әрі құттықтаулар тізбегі сахна төріне көтерілген сала ардагерлерінің ақжарма тілегімен жалғасты. Ардагерлер жас буын әріптестерін мерекемен құттықтай отырып, өндірістік дәстүрлерді жалғап жүрген мамандарға сәттілік тіледі. Өз кезегінде ардагерлерге Басқарма атынан құрмет көрсетіліп, естелік сыйлықтар табысталды.

Салтанатты шараның тағы бір әсерлі сәті үздік еңбек үлгісін көрсеткен өндіріс мамандарының марапатталуы болды. Сала үздіктерінің төсіне естелік белгілер тағылып, құрмет грамоталары мен алғыс хаттар тапсырылды. Мереке құрметіне ұйымдас-тырылған спорттық сайыстар жеңімпаздары да құрметке бөленіп, медальдар тағынды.

Дәл осы сәтте, сахна сыртында, мұнайшылар мерекесі құрметіне ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдас-тырылып, бірі садақ атып, бірі шаршы алаңда белдесіп, енді бірі білектеріне арқан орап, өзара мықтыларды анықтап жатты. Ал осы ойындардың бәрінің шырақу шегі нағыз қазақ спорт түрі «Қой көтеру» сайысы болды. Күш атасын танымас демекші, жігіттер не бел кетеді, не белбеу кетедігі салды. Қой да осал емес екен, сырт көзге шамамен 80 келі тартатындай көрінді. Дегенмен, өндірісте ысылған зіңгіттей жігіттер бірінен соң бірі қойды ыыққа салып, намысты қолдан бермеуге тырысып бақты. Нәтижесінде, төрешілердің шешімімен жеңімпаз екеу болды. Екеуі де қара күштің иесі - №1 цех шебері Бауыржан Бердиев және мұнай айдау цехының операторы Рақымжан Бекбоисов.

Бұл жерде де салтанатты шаралар әуезді әнмен әрленіп, күмірлеген күймен көмкерілді. Мереке қазақ эстрадасының жұлдыздары «Меломен» тобының концерттік бағдарламасына ұласып, көрермен көңілі көкке жеткендей болды. Жетібай аспаны өнмен әрленді.

Одан әрі мерекелік шаралар Қаламқас вахталық кентінде жалғасты. Бұл жердегі шаралар екі күнге ұласты. Қыркүйек айының 3 күні кешкіні орталық алаңдағы сахна өлкенің өнерпаздарының қатысуымен гала концерт өтіп, спорттық ашаралар ұйымдас-тырылды. Ал 4 қыркүйек күні салтанатты құттықтау мен ерен еңбек иелеріне марапат табыстау рәсімі өтті.

Салтанатты бөлім М.Өскімбаев атындағы облыстық филармонияның



«Ақшағыл» этно-фольклорлық ансамблінің тартуымен басталып, өлкеміздің жас өнерпаздары Әмина Асхатова мен Ділназ Тлепованың ашылуымен жалғасты.

Одан әрі кезек құттықтаулар мен мерекелік марапаттауларға берілді. Сахна төріне дәстүр бойынша Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары Асқар Аққұлов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Дәулетжан Хасанов және Компания кәсіптік одақ ұйымының төрағасы Мәди Кентанов көтеріліп, ұжымға деген жылы лебіздері мен құттықтауын жеткізді.

Құттықтау өндіріс озаттарын мерекеге орай марапаттау рәсімімен жалғасты. Жыл бойы үздік болған қызметкерлер түрлі деңгейдегі үкіметтік, ведомстволық наградалармен марапатталып, естелік төсбелгілер мен медальдар тағынды. Қаламқас кенорының игеріле бастағанына 40 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде кенорынан 170 млн. тонна мұнай өндірілді. Бұл көрсеткіш қаламқастық мұнайшылардың шеберлігі мен жоғары кәсіби даярлығының және табандылығының дәлелі.

Одан әрі құттықтау кезегі «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығы



Маңғаз өлкенің қайта түлеуіне себеп болып, сары түбектің салтанатын арттырған мұнайшылық кәсіп иелеріне қандай құрмет көрсетсе де орынды-ақ. Еліміз тәуелсіздік алып, өзгелермен тереземіз теңесіп, егемен ел ретінде танылған сәттің бастап экономикамыздың адымдап емес, қарыштап дамуына жағдай жасаған да, жас мемлекеттің кемелденуі жолын жаңа жолыққан небір қиын кезеңдерден сүрінбей өтуімізге де, әлемнің саяси тақтасынан ойып тұрып өз орнымызды алуға жол ашқан да осы мұнай-газ саласы мен саланы гүрлеткен мұнайшылар еді. Мұны ел біледі, халық жоққа шығармайды. Сондықтан мұнайшы мамандығы ел арасында үлкен құрметке, ерекше мәртебеге ие!

Мерекелеріңіз құтты болсын! Келер жылы мерекеді қауышып, қуанышып бөлісер жаңалықтарыңыз көп болсын!



БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ

Бүгін, тамыз айының 26 жұлдызы күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мәжіліс залында өлкемізге танымла «Риза-Ана» қоғамдық қоры (одан әрі - Қор) қызметкерлермен «Жұмысшы жастар арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптасу» тақырыбындағы кездесуін өткізді.



Шара барысында Қор директоры Бибігүл Дүйсеғалиқызы Рамазанова Компания қызметкерлеріне мемлекеттік бағдарламалар туралы және жастар

саясаты төңірегіндегі жағымды жаңалықтар туралы баяндап берді. Бибігүл Дүйсеғалиқызының айтуы бойынша елімізде жастар арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптасуға бағытталған шаралар өте көп. Алайда жергілікті жерлерде олардың лайықты түрде насихатталмай қалуына байланысты жұртшылық олардан бейхабар болып жатады. Осы орайда, «Риза-Ана» қоғамдық қоры осы олқылықты жою үшін іс-шаралар жоспарын жасақтап, жас мамандармен тікелей жұмыс жасауды алдына мақсат етіп қойып отыр.

Сонымен қатар, кездесу барысында Компания мамандарына арнап жасақталған Қордың жұмыс жоспары таныстырылды. Мәселен, тамыз айында Шерқала тауы бағытында танымдық тур-слет ұйымдастыру көзделіп отыр. Ол жерде жастардың жаңа қырынан танылуына ықпал ететін шаралар дайындалған. Одан бөлек, алдағы уақытта жастарға арналған түрлі оқу курстары мен тренингтер ұйымдастыру жоспарланған.



Кездесуге қатысқан қызметкерлер де осы орайда өз ойларын жеткізіп, қажеттіліктерін алға тартты. Мамандар заман талабына сай жаңа технологиялар мен кәсіп түрлерін үйрететін қол жетімді оқу курстарының тапшы екенін тілге тиек етті. Қор қызметкерлері болса Компания жастарының бұл ұсыныстарын ескеріп, алдағы уақытта мамандандырылған шараларды ұйымдастыруға жұмыстанатынын жеткізді.

Жастармен жұмыс, мұнайшылардың тек жақсы маман болып қана емес, белсенді азамат болып қалыптасуына жол ашу Компания көздеген мақсаттардың бірі. Осы орайда 2014 жылы Компания қабырғасынан «Жас мамандар кеңесі» де құрылған болар. Бір ортаға тоғысқан мамандар Компания құндылықтарын насихаттай жүріп, бір қатар игі істердің бастамашысы болып келеді.

Қайырымдылық

ЖАНЫ ЖОМАРТ ЖЕТІБАЙЛЫҚ МҰНАЙШЫЛАР

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшылары республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық шарасының сәтті жүзеге ауына өз үлестерін қосты. Дәстүрлі шара жыл сайын тамыз айында жаңа оқу жылының қарсаңында өтеді.

Санаулы күндерден соң күз мезгілінің алғашқы мерекесі – білім күні де келіп жетеді. Бұл күн мектеп табалдырығынан аттаған әрбір бала үшін үлкен мерекеге айналуы тиіс. Дегенмен, арамызда осы бір қуанышты күн жақындаған сайын уайымдары артып жатқан отбасылар да бар. Тұрмыстың тауқыметін тартқан кейбір жандар балаларын жаңа оқу жылына дайындауға қаражат жеткізе алар емес.

Осы орайда, жетібайлық мұнайшылар жомарттығын ерекше мақтанышпен атап өткіміз келеді. Құрыш қол мамандар Мұнайшы ауылында орналасқан №7 мектеп басшылығының тұрмысы төмен отбасы балаларына көмек қолын созу туралы өтінішіне үнсіз қалмай, өзара қаражат жинау туралы шешім қабылдады. Санаулы күндер ішінде 1 500 000 теңге көлеміндегі қаражат жиналып, мұнайшылар жаңа оқу жылына балаларын жарақтандыра алмай отырған бірнеше ата-ананың жүгін жұмыла көтеріп, уайымын сейілтті.

- Бұл қаражатқа 14 балаға мектеп құралдары, формалары және т.б. керек-жарақтары



алынды, - дейді «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы әлеуметтік мәселелер жөніндегі жетекші маманы Айгүл Аманджанова. – Сатып алынған заттар жетім балаларға, толық емес отбасы балаларына, мұқтаж және көп балалы отбасыларға тапсырылды. Мұндай шаралар мұнайшылардың бастамасымен жиі болып тұрады. Мұнайшылар көмек көрсетіден ешқашан тартынған емес. Балалардың жүзінде үйірілген қуаныш пен көздеріне тұнған алғысты көру біз үшін ең үлкен сый. Осы мүмкіндікті падалана отырып, шараға қатысқан барлық әріптестеріме өз атымнан және балалар мен ата-аналары атынан үлкен алғыс білдіремін. Жетібайлық мұнайшылар қайырымдылық жасаудан алдына жан салған емес. Бүгінгі шара соның тағы да бір дәлелі.

«БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАЙЫҚ»

Тамыз айының 23 жұлдызы күні «AMANAT» партиясы Ақтау қалалық филиалына қарасты «Маңғыстаумұнайгаз» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Баланы мектепке даярлайық» қайырымдылық шарасы жүзеге асырылды. Шараға «AMANAT» партиясы Ақтау қалалық филиалының атқарушы хатшысы Анар Шамшадинова, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңестің төрайымы Нұрсұлу Сейдалыева, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаменті директорының орынбасары Нұрлан Илмуханбетов және «Маңғыстаумұнайгаз» бастауыш партия ұйымының төрағасы Ғани Әбдісадық қатысып, республикалық акция аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар мен жалғыз басты аналарға мектепке қажетті құралдармен жабдықталған сөмкелер табыстады.



Жалпы, қайырымдылық шарасы нәтижесінде мұқтаж отбасы балаларына мектепке қажетті құралдармен жабдықталған 29 жиынтық таратылып берілді. Шараның жалпы құны 517 670 теңгені құрады. Қаражат «Маңғыстаумұнайгаз» бастауыш партия ұйымы мүшелерінің айлық жарналары есебінен партиялық қаржыландыру бағдарламасы аясында ұйымдастырылды.



АТА ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ҰЛ



Шайыр ауылында туған Ұлы Отан соғысының ардагері, даңқты майдангер Есқуат Қуандықұлы соғыстан кейін ең бейбіт кәсіп – құрылыс салумен айналысты. Зайыбы Нұржан Жақсылыққызы да тылда жеңісті жақындатуға сеп болған батыр ана. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген асқақ арманмен олар ұлдарына үлкен үміт артқан. Балалардың үлкені Әлқуат отбасының жақсы дәстүрін жалғастырып, әке жолын қуып құрылысшы болды. 40 жылдан астам еңбек жолын құрылыс ісіне арнады.

Қарағанды политехникалық институтының өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс факультетін инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітіріп, Маңғыстау өңіріндегі ірі құрылыс кәсіпорындарында жемісті еңбек етті. Қаламқас кенорнындағы күрделі құрылыс нысандарының барлығының дерлік алғашқы қазығын қаққан Әлқуат Есқуатұлы деп айтуға болады.

Қандай күрделі тапсырма болса да жанын сала кірісетін, жалпы құрылыс жұмыстарын басынан аяғына дейін орындап шығатын мамандардың

бірегейі Әлқуат серіктестік табысына өз үлесін қосып келеді. Құрылыс саласының қыр-сырын жетік білетін ол жұмысқа мұқият, берілген өндірістік тапсырмаларды уақытында мінсіз орындап, басшылық тарапынан тек мақтау алып жүр.

Қолы ұста, сөзі қысқа Әлқуат Есқуатұлы қазір Өзен кенорнында Қазақ газ өңдеу зауытындағы сығымдауыш қондырғылардың күрделі құрылысына мол тәжірибесі, кәсіби біліктілігімен атсалысып, өндіріс алаңының қызу ортасында жүр.

Әлқуат Есқуатұлы бүгінде жұбайы Гүлбаршын Жұбаназарова екеуі өздерінің адал еңбегімен өмірдің ащы-тұщысын бірдей көтеріп, отбасында баласы Нұрқуат, келіні Альфиядан өрбіген немерелерін қызықтап, ұрпағын өсіріп отыр.

Әке жолын қуып, қызметін мінсіз атқарған Әлқуатқа еңбегіне қарай қанша құрмет, жасына қарай қанша ізет көрсетсе де артық болмас.

А.Есбосын
«Oil Construction Company» ЖШС

NEIRON-MED

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

БІЗБЕН БАЙЛАНЫС

Құрметті «Neiron-med» ЖСШ пациенттері – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері

«Neiron-med» ЖСШ сіздердің назарларыңызға медициналық көмек алуға қатысты мынадай мәліметтерді ұсынады:

«Neiron-med» ЖСШ медициналық орталығының мекен-жайы: Ақтау қаласы, 1Б шағын аудан, 3 ғимарат
Директоры – Құдайбергенова Қарлығаш Ысқақовна
ұялы тел: +77018128802

Ақтау қаласы бойынша:

Директордың емдеу істері бойынша орынбасары
Байниязова Фаруза Исағалиқызы
ұялы тел. +7 701 411 42 55

Директордың клиникалық және ұйымдастыру- әдістемелік жұмыстар бойынша орынбасары - ОРАЗ Әзірбай Жүрсінбайұлы
ұялы тел. +7 701 533 88 46

Мед. Координатор - Бөрібаева Сұлу Әбілханқызы
ұялы тел. +7 775 744 22 59

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ координаторы -
Нугманова Анар Бауржанқызы
ұялы тел +7 776 555 59 99

Дәрігердің пациенттерді жоспарлы түрде қабылдауы - алдын-ала жазылу арқылы, шұғыл жағдайларда – қажеттілігі бойынша
Регистратура: +7(7292) 210 425

Цех дәрігерлері:

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (орталық кеңсе, Ақтау қаласында және Мұнайлы ауд. орналасқан құрылымдар) бойынша жауапты дәрігер
Жақсыбаева Айша Рамазанқызы
ұялы тел. +7 701 329 38 98

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша жауапты дәрігер
Бозахарова Зәуре Түсіпқызы
ұялы тел. +7 771 008 07 68

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ жауапты дәрігер
Байболатов Бауыржан Амангелдіұлы
ұялы тел. +7 702 666 68 99

Медициналық орталықтың жұмыс кестесі:
дүйсенбі - жұма: 08.00 – 16.30, үзіліс: 12.00 – 12.30
Күндізгі стационардың жұмыс жасау мезгілі:
дүйсенбі - жексенбі: 08.00 – 20.00
Кезекші дәрігер: сенбі: 09.00 – 13.00

Қаламқас кенорнындағы Дәрігерлік амбулатория:
08.00-22.00, шұғыл жағдайларда – қажеттілігі бойынша
Жетібай кенорнындағы Дәрігерлік амбулатория:
08.00-20.00, шұғыл жағдайларда – қажеттілігі бойынша.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмыскерлері мен олардың отбасы мүшелері үшін медициналық қызмет көрсету қызметтерін ұсыну жөніндегі

ЖАДНАМА

пролактин, эстрадиол, ЛГ, ФСГ), гепатит, АИТВ маркерлеріне ПТР, онкомаркерлер.

■ **ЕМДЕУ (көрсетілімдер бойынша және дәрігердің тағайындауы бойынша)**
Дәрігерлік және мейіргерлік процедуралар, манипуляциялар; кіші шұғыл араласулар, оның ішінде отоларингологтың қызметтері (тамақ бадамшаларын өңдеу, көмей жұтқыншақтың және мұрынның бөгде денелерін алып тастау, алдыңғы және артқы тампонада, құлақтың күкірт тығынын және бөгде денелерді алып тастау, құлақты шаю, паратонзиллярлық абсцессті ашу)

■ **ЕМДЕУДІҢ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ӘДІСТЕРІ (көрсетілімдер бойынша және дәрігердің тағайындауы бойынша)**
Физиотерапевтік-электрмен емдеу, жарықпен емдеу, жылумен емдеу, ультрадыбыстық терапия, магнитотерапия, лазерлік терапия, ингаляция, емдік массаж, қашықтықтық литотрипсия, маммография, топтық ЕДШ

■ **ДӘРІГЕР-СТОМАТОЛОГТАН КОНСУЛЬТАЦИЯ АЛУ ЖӘНЕ ЕМДЕЛУ**
ММГ АҚ қызметкерлері үшін тегін, отбасының 2 мүшесі үшін, алғашқы 2 қабылдау тегін, одан әрі емделу 20% жеңілдікпен

■ **ДИСПАНСЕРЛІК ҚАРАУ (көрсетілімдер бойынша және дәрігердің тағайындауы бойынша)**
оған терапевт, кардиолог, невропатолог, офтальмолог, отоларинголог, эндокринолог сияқты дәрігер мамандарда қаралып-тексеру кіреді

■ **КҮНДІЗГІ СТАЦИОНАРДЫҢ, ЕМШАРА КАБИНЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ (дәрігердің тағайындауы бойынша)**

■ **ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ (дәрігердің тағайындауы бойынша)**
Дәрілік формулярға сәйкес дәрілік препараттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету

■ **КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КӨМЕК (көрсетілімдер бойынша)**
Терапевт, кардиолог, эндокринолог, травматолог, ересек және балалар хирургі, ересек және балалар невропатологы, ЛОР, ревматолог, пульмонолог, аллерголог, гинеколог, онколог, уролог, гастроэнтеролог, проктолог, педиатр, офтальмолог, нейрохирург, маммолог, дерматолог, флеболог, нефролог, физиотерапевт

■ **ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР (көрсетілімдер бойынша және дәрігердің тағайындауы бойынша)**
Эндоскопия (ФГДС, колоноскопия), УДЗ (құрсақ қуысы, бүйрек, қуық, простата, жүрек, кіші жамбас органдарын, қалқанша безін, сүт безін, жұмсақ тіндерді), сүйектер мен органдардың рентгені, КТ (компьютерлік томография) және МРТ (магнитті-резонанстық томография) контрастпен және онсыз, ЭКГ, жүктеме тестілері, ЭКГ (Электрокардиография) тәуліктік бақылауы және АҚ (артериялық қысым); РВГ (реовазография), РЭГ (реоэнцефалография), ЭЭГ (электроэнцефалограмма), ЭХОЭГ (эхосцефалография), ми және мойын омыртқа тамырларының доплерографиясы, зерттеу, СТҚ (сыртқы тыныс алу қызметі); спирография.

■ **ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР (көрсетілімдер бойынша және дәрігердің тағайындауы бойынша)**
Қанның жалпы және толық талдауы, оның ішінде тромбоциттер, қанның ұюы, несептің жалпы талдауы, Нечипоренко бойынша несеп талдауы, Реберг сынамасы, несептегі қантты анықтау бойынша талдау; биохимиялық зерттеулер, оның ішінде холестерин, триглицеридтер, коагулограмма, қандағы қант, оның ішінде гликолизденген гемоглобин, электролиттер, жалпы ақуыз, ревмапробтар, ферменттер, қандағы және несептегі амилаза, несеп қышқылы, Райт-Хедельсон сынамасы, иммуноферменттік талдау (ИФТ), креатинин, қалдық азот және несепнәр, толық бауыр сынамалары (АЛТ, АСТ, билирубин), гормондар (ТТГ, Т3, Т4, Анти ТПО, анти ТГ, прогестерон,

ЕСКЕРТПЕ:

ЖҰМЫСКЕРДІҢ ОТБАСЫНЫҢ 2 МҮШЕСІНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ (16 ЖАСТАН БАСТАП ТІЗІМ БОЙЫНША) ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС НҰР-СҰЛТАН, АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ, ӨТІНІШ БОЙЫНША

«АБАЙ ОҚУЛАРЫ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ



Тамыз айында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің балалары арасында қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларын мәнерлеп оқу бойынша байқау жарияланған болатын. Шара Абайдың 177 жылдығына арналды. Байқау шарты бойынша Компания қызметкерлерінің балалары Абай шығармаларын оқи отырып, көркем бейне роликтер дайындап әлеуметтік желілерге салуы керек болатын.

Нәтижесінде, байқауға қатысуға ниет білдіруші жандар қатары артып, шараға 30 астам жұмыс жолданды. Шарт бойынша байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде барлық қатысушылар туындыларын әлеуметтік желілердегі өз парақшаларына салып, көпшіліктің ықыласын жинау керек болатын. Екінші кезеңде солардың арасынан ең көп дауыс жинап, суырылып алға шыққан 8 қатысушының жұмысы «Маңғыстаумұнайгаз» парақшаларында өзара іріктеуге түсті. Екінші кезеңде ұйымдастыру алқасы оқылған мәтіннің күрделілігі мен Абай шығармасын жатқа айту ережесін басшылыққа ала отырып, қатысушыларға қосымша баға берді.

Екінші кезеңге іріктеліп шыққан қатысушылардың қай-қайсысының да өнерінде еш кемшілік

болмады. Ұйымдастыру алқасы үшін де ең қиын тұсы осы болды. Өйткені кіл жүйріктің ішінен бірнешеуін ғана іріктеп алу қиынның қиыны еді. Дегенмен, болам деген баланың бетін қақпа, белін бу деген даналыққа сүйене отырып, сегіз қатысушыны да сыйлықтармен марапаттап, орындарды балдырғандар мен балақайлардың арасында үлестіруді жөндеп шештік.

Сонымен, әуесқой байқауымыздың қорытындысы келесідей болды. Нұрғали Іңкәр қатысушымыз ІІІ-орынға, Бекболат Әйкен ІІ-орынға тұрақтады. Ал І-орын 5-жасар Балқожа Хақназардың қанжығасына байланды. Барлық сегіз қатысушыға естелік сыйлықтар табысталды.

Қатысушылардың жұмыстарын әлеуметтік желідегі парақшаларымыздан көре аласыздар.

Спорт

ИТОГИ СПАРТАКИАДЫ



С 8 по 11 августа в г.Атырау проходила летняя Спартакиада АО «НК» КазМунайГаз», в которой принимали участие и спортсмены АО «Мангистаумұнайгаз».

Наша команда на Спартакиаде завоевала одну медаль: в соревнованиях по большому теннису наш коллега Мерей Тумаев завоевал серебряную медаль.

Увы, но эта награда оказалась для нас единственной. Обе наши волейбольные команды (мужчины и женщины) проиграли свои матчи и лишились шансов на выход в плей-офф. При этом в группе «А» в которой выступала наша мужская команда сложилась удивительная

ситуация: сборная ПНХЗ выиграла все матчи и набрала максимальное количество баллов – 6 очков, остальные три команды набрали по 2 балла. Лишь по дополнительным показателям (разница мячей) мы уступили команде «Озенмұнайгаз»: не хватило буквально двух мячей.

К сожалению не смогли завоевать медали и наши спортсмены, выступавшие в индивидуальных видах спорта: шахматисты и пловцы. Таким образом, серебряная медаль оказалось для нас первой и последней. Впрочем, еще одна награда была вручена Нурлыбаю Элубаеву, как лучшему связующему в турнире по волейболу.

Тем не менее, хочется поддержать и поблагодарить наших коллег: все старались и бились в полную силу. Многие наши спортсмены получили на этой Спартакиаде большой опыт, который мы надеемся поможет им в будущем.

Благодарим всех наших коллег и болельщиков, всех тех кто в дни Спартакиады поддерживал спортсменов. Большое вам спасибо!

Также хочется поблагодарить АО «НК» КазМунайГаз» и АО «Эмба мұнайгаз» за организацию Спартакиады, за большой спортивный праздник и яркие эмоции.

Еще раз благодарим всех наших спортсменов, болельщиков и организаторов Спартакиады!

ЗАСЛУЖЕННАЯ ПОБЕДА

Копилка побед футболистов АО «Мангистаумұнайгаз» пополнилась новым трофеем: на днях наши коллеги стали триумфаторами Чемпионата Республики Казахстан по мини-футболу.

Соревнования, в которых принимали участие спортсмены старше 40 лет, проводились в Нур-Султане. Команда АО «Мангистаумұнайгаз» просто катком проехала по соперникам, выиграв три своих матча в группе со счетом 10:1!

В финале нефтяники разгромили команду «Жан Батыр» из Нур-Султана и стали чемпионами Республики Казахстан.

Поздравляем нашу команду с очередной победой!



Құрметті әріптестер!

Сіздерге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмыскерлеріне арналған волейбол, баскетбол, бадминтон ойындары үшін спорт залдарының жұмыс кестесін жолдаймыз.

Атауы	Апта күндері	Уақыты
Волейбол	дүйсенбі сәрсенбі	19:00-20:30
Баскетбол	бейсенбі жексенбі	19:00-20:30 17:00-18:30
Бадминтон	сейсенбі жұма	19:00-20:30

2022 жылдың 07 қыркүйегінен бастап барлық ниет білдірушілерді күтеміз!

Мекен-жайы:

Ақтау қаласы, 2 ш/а, 17а ғимарат, "Мандарин" спорт кешені.

Уважаемые коллеги!

Направляем вам график работы спортивных залов для игр в волейбол, баскетбол, бадминтон, для работников АО «Мангистаумұнайгаз»

Наименование	Дни недели	Время
Волейбол	понедельник среда	19:00-20:30
Баскетбол	четверг воскресенье	19:00-20:30 17:00-18:30
Бадминтон	вторник пятница	19:00-20:30

Ждем всех желающих с 07 сентября 2022 года!

Адрес:

г.Ақтау, 2 микрорайон, здание 17А, спорткомплекс «Мандарин».

S
P
O
R
T